

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 29 желтоқсан N 179-ө

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының
Z 9 5 2 3 6 8 _ Заңына с ә й к е с :

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Мемлекеттік кіріс министрлігімен бірлесіп бір ай мерзімде заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай тізбелерді бекіту туралы шешімдерінің жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қ а р а у ы н а е н г і з с і н :

кеден аумағында өндеудің кеден режиміне қоюға тыйым салынған тауарлардың т і з б е с і ;

өндеу мерзімдерін уәкілетті мемлекеттік органдар белгілейтін, кеден аумағында өндеудің кеден режиміне қоюға жататын тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесі; өңделген өнімінің шығару көлемін уәкілетті мемлекеттік органдар

белгілейтін, кеден аумағында өндеудің кеден режиміне қоюға жататын тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесі;

кедендік бақылаумен өндеудің кеден режиміне қоюға тыйым салынған тауарлардың тізбесі;

еркін кеден аймақтарына қоюға тыйым салынған тауарлардың тізбесі; өнімді өндеудің мерзімдері мен көлемін уәкілетті мемлекеттік органдар белгілейтін, кеден аумағынан тысқары өндеуге жататын тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесі;

бұйымдар немесе материалдар ретінде пайдаланылуы мүмкін, жоюдың кедендік режиміне орналастыруға жіберілген тауарлардың тізбесі.

2. Осы өкімнің атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ